

Р.Ж. Есбалаева

филология магистрі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан, Қазақстан (roza.yesbalayeva@ayu.edu.kz)

С. Желдербаева поэзиясындағы ұлттық дәстүр жалғастығы

Андатпа

С.Желдербаева – қазақ поэзиясында ұлт рухын қалыптастыру жолында еңбек еткен ақын. «Әдебиет - ұлттық болу керек» деп түсінген ақынның әрбір өлеңінен қазақ халқының жаны мен болмысы көрініс алып жатады. С.Желдербаева ұлт тарихын, мінез-құлқын, ойлы көзбен өлшеп суреттейді. Онда терең идеялық мағына бар. Бар талантын, мақсат-мұратын өз ұлтын танытуға арнаған. Өз өмірін, сезімін жырлаушы ғана емес, сол арқылы тұтастай ұлттың атынан сөз айта алатын, ұлт ойын жеткізе алатын дәрежеге көтерілген. Мақалада қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптейтін «Киіз үйге қарашы», «Ақ босаға», «Ақ шымылдық», «Қыз ұзату», «Келіндерім», «Құдалар», «Дастархан», «Жайлауда», «Сабантой» т.б. сынды өлеңдерінің ұлттық рухы мен қасиетіне тақырыптық, идеялық, поэтикалық, композициялық талдаулар жасалады. Бұған дейін ақын поэзиясы туралы жергілікті, облыстық басылымдарда жарияланғаны болмаса арнайы зерттеліп, шығармашылық талдау жасалмағандықтан, мақалада ақын өлеңдеріне кеңінен тоқталуға тырыстық.

Кілт сөздер: ұлттық поэзия, салт-дәстүр, поэтикалық қуат, көркемдік тәсілдер, ұлттық идея.

R.Zh. Yesbalayeva

Master, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan,
Kazakhstan (roza.yesbalayeva@ayu.edu.kz)

Continuation of National Traditions in the Poetry of S. Zhelderbayeva

Abstract

S. Zhelderbayeva is a poet who worked to form the spirit of the nation in Kazakh poetry. Every poem of the poet, who understood that "literature should be national", reflects the soul and essence of the Kazakh people. S. Zhelderbayeva describes the history of the nation, its behavior and thinking. It has a deep ideological meaning. He devoted all his talent and ambition to show his nation. He was raised not only to sing his life and feelings, but also to speak on behalf of the nation as a whole. The article promotes the traditions of the Kazakh people: «Kiiz úige qarashy», «Aq bosaǵa», «Aq shymyldyq», «Qyz uzatý», «Kelinderim», «Qudalar», «Dastarhan», «Jailayda», «Sabantoy» and others. . Thematic, ideological, poetic, compositional analyzes of the national spirit and character of such poems are made. We have tried to focus on the poet's poems in the article, as the poet's poetry has not been published in local and regional publications, and has not been specially studied and creatively analyzed.

Key words: national poetry, traditions, poetic energy, artistic approaches, national idea.

С. Желдербаева поэзиясының поэтикалық қуатын күшейтіп тұрған өлеңдеріндегі ұлттық бояудың қанықтығы, ұлттық дәстүр мен образды ойлаудың жаңашылдығында. Қазақ поэзиясының көркемдік дәстүрінен мол сусындаған ақын өлеңдерінде тың ой, жаңа ізденіс, рухани кеңдік, көркем суреттер мен шынайы образдар көптеп кездеседі. Ақын поэзиясындағы дала, домбыра, бесік, тау, тұлпар, киіз үй сияқты ұғымдар символдық мәнге айналған ұлттық көркем дәстүріміз. С. Желдербаева ақын қазақ поэзиясында ұлттық ұғымға негізделген тұтас көркемдік ойлау жүйесін қалыптастырды, қазақ халқының ұлттық көркем образын мүсіндеді.

Сәнімгүл Желдербаева Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, Ақжар ауданының тумасы [1, 233 б.]. Ақын өлеңдері 1960 жылдан бастап баспасөз беттерінде жариялана бастаған. Қазақ халқының тұрмыс-салтын, ата-баба дәстүрін, ұлтымыздың болмысын өлеңмен өрнектеп, «Сырдария» [2], «Ақ босаға» [3], «Жүректегі жауһарлар» [4], «Алтын бесік» [5], «Өлеңдер» [6] атты жыр жинақтарын шығарды.

Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып ақын өлеңдерінің айнымас арқауы. «Киіз үйге қарашы», «Ақ босаға», «Ақ шымылдық», «Қыз ұзату», «Келіндерім», «Құдалар», «Дастархан», «Жайлауда», «Сабантой», «Біз де келін болғанбыз» өлеңдерінде бағзы заманнан бастау алатын ұлттық үрдістер жып-жылы жырға айналған. Ақын ел, жер, Отан туралы да тың тебіреністерімен толғанады. «Атажұрт», «Қызылорда», «Туған ауыл», «Сыр перзенті», «Мәңгілік алау», «Туған өлкем» және басқа өлеңдеріндегі отаншылдық сезім, азаматтық рух оқырманға ой салады, сезіміне серпін береді. «Аяулы аналарым», «Жеңешем», «Ауылымның қос шынары», «Ана тілегі», «Әйел-ана», «Әже махаббаты» сипатты өлеңдерінде ана күдіреті, ана қасиеті туралы, ананы, жарды ардақтау хақында орамды ойлар айтылады.

Сан алуан тақырыпты тарататын ақын поэзиясына сын-сықақ жанры да жат емес. Ортамызда, қоғамымызда болып жатқан жат қылық, жағымсыз әрекет жыршы жүрегін жирендіреді. Қазақ қызының, керім келіннің, Алаш анасының бар болмысын сипаттап, қасиетін танытады.

Қыз аттаған келін боп ақ босаға,
Ақ босаға мерейлі бақ босаға.
Қасиетті халқымның дәстүріне,
Куә болып ғасырлар жатты осы ара.

Пай-пай, шіркін! Қазақтың келіндері!
Көл-дария секілді пейілдері.
«Абысын тату болса ас көп» деген
Мақалдың айтылуы тегін бе еді?!.. [3, 18 б.]

Бұл өлеңге кейіннен әуезді әуен араласып, бар қазақтың жүрегінде жатталған әнге айналды. 1980 жылдардан бастап әр шаңырақта болып жатқан көл-көсір тойында, «Ақ босаға» әнімен өлеңдетпеген қазақ кемде-кем болатын. Өйткені бұл әнде ұзатылып бара жатқан қыздың бейнесі, ақ келін боп босағаны имене аттап, аналық өмірге аяқ басқаны, шаңырақ бақытының мәні, қаншама ғасырлардан бері сақталып келе жатқан қазақы дәстүрдің бұзылмауы секілді өмір салттары әдемі бейнеленеді. Жетер жеріне жеткізіп айтады. Қазақы қара сөздің қаймағын бұзбай, қалыбын сақтап, Мұқағалиша айтқанда, күпі киген қара өлеңін шекпен жауып, өзіне қайтарып отыр. Кейде Сәнімкүл Желдербаева бізге қазақтың қыз-келіндеріне бағыт-бағдар сілтеп, оң жолын нұсқап отыратын Зере, Ұлжан аналардың жалғасындай көрінеді. Ақынның «Ақ шымылдық», «Қосағыңмен қоса ағар» атты өлеңдерінде де отбасы шуағы, шаңырақ шаттығы, қазақы салт-дәстүрдің бұзылмауы секілді келелі мәселелер сөз болып, орнықты ой, көркем сөз арқылы санаға құйылады. Қазақ қыздарына деген тілектестік аңқып тұрады. «Көгілдірім» өлеңінде: Аққудың баласындай көгілдірім, Амал жоқ, ұшпасына сенің бүгін. Атадан келе жатқан жол-жоралғы, Кезекпен көтеретін өмір жүгін. Аққудың баласындай көгілдірім, Қонсаң да қай қияға сенімдімін [3, 32 б.] Тебіренбей, көзге жас іркілмей оқу әсте мүмкін емес. Қыз ұзатқан елдің қай-қайсысы да осындай тілектің үстінде қалатыны анық. Сонда ақын бүкіл халықтың сөзін айтып отыр деген сөз.

Сәнімкүл Желдербаеваның бүкіл өмірі шәкірт тәрбиелеуге арналған. Ұзақ жылдар бойына Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінде тәлім берген. Білім беру ісінің үздігі, «Құрмет» орденінің иегері, арқалы ақын, Сәнімкүл Желдербаеваның айтыскер ақын Надежда Лушниковаға ұстаздық етіп, ақын ретінде қалыптасуына да ықпалы өте зор болған [7].

С. Желдербаева шығармашылығы ұлт трагедиясы мен бақытының, оның ғұмырнамасының айнасы. Бар талантын, мақсат-мұраттын өз ұлтын танытуға арнаған. Өз өмірін, сезімін жырлаушы ғана емес, сол арқылы тұтастай ұлттың атынан сөз айта алатын, ұлт ойын жеткізе алатын дәрежеге көтерілген. Жазушы Н. Ақыштың

Р.Ж. Есбалаева. С. Желдербаева поэзиясындағы ұлттық дәстүр жалғастығы.

«Біз, ең алдымен, бүкіладамзаттық емес, ұлттық құндылық жасауды армандауымыз керек. Сонда ғана бізді әлем таниды, өзге ұлттар мойындайды. Біз әлемді ұлттық құндылықтарымызбен ғана таң қалдырамыз» [8], – дейтін пікірі С. Желдербаева шығармашылығымен үндесіп жатқандай.

Бабалардың ақыл-ойы, бал тілі,
Болашаққа қазақ болып қал тірі.
Өзегімнен жарып шыққан өз тілім,
Өзгелердің неге керек алтыны?
Үйіріп жүр көбелектер жарқылы.
Тірлігім де, бірлігім де өзіңде,
Салт-дәстүрдің бәрі-бәрі сөзімде [5, 38 б.], –

деген өлеңнің әр шумағы шындық пен тарихтан сыр тартады. Болашақ ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтың сіңуі тілі мен діліне, дәстүріне байланысты екенін жыр жолдарымен ұқтырғысы келеді. Өлеңдерімен ұлтымыздың мінезін, болмысын, табиғатын танытып, қазіргі қазақ лирикасының эстетикалық деңгейін көтеруге тырысқан. Ақын поэзиясы ұлттық ой-сананы, дүниетанымды сезім шынайылығымен, ой тереңдігімен, асқақ та өршіл рухпен береді. «Мен даланың қызымын!» деп ұлтымызға тән жақсылы-жаманды қасиеттерімізді саралап, болмыс-бітіміміздің ішіне үңіледі. Елін шексіз сүйген талантты ақын, білімді тұлға екендігін мойындатады.

Мен даланың қызымын, далада өстім,
Кеңістікке, ғарышқа қарап өстім.
Мұрындықтан тізгіндеп түйелерді,
Ақ боз үйді жүк қылып ала көштім...

Мен даланың қызымын еркелеген,
Ел жатқызып, таңымен ертелеген.
Ерін сыйлап жүрген соң, елін сыйлап,
Мына дала менімен көркем екен [4, 127 б.], –

деп, ұлтының нені қалап, нені қастерлейтінін айтады. Халқымыздың жатырқауды білмейтін қонақжай, жомарт, қолы ашық, тойшыл, думаншыл, батыр әрі ақын халық екендігін көтеріңкі леппен мақтана жырлайды. Бұл өлеңнің әр шумағы халқымызға тән ұлттық болмыс

пен мінезді жан-жақты аша түседі. С. Желдербаева туған жер туралы толғанысты оның тарихы, салт-дәстүрі, халықтың жақсы мінездері жайлы ойларымен ұштастыруда ақын ізденістері өте бағалы. «Ақ босаға», «Сырдария» кітаптары қазақ тағдыры жайлы ақынды тебіrentкен ойлардың біздің бүгінгі өмір-тіршілігіміздің мән-мақсатын сезінуге бастайтынын көреміз. Ол шындыққа, құбылыстың сырына, дала тарихына ой көзімен қарауға үйретеді:

Киіз үйдің бау-шуын, өрнектерін,
Көріп пе едің, қызым-ау, көрмеп пе едің?!
Қандай ғажап, табиғат сұлулығын
Іліп қойып төріме сөйлеткенім?!

Табиғаттың өзі екен ұстаздары,
Өзгерісті күз, көктем, қыс, жаз-дағы.
Түлігінің түгімен әшекейлеп,
Ұрпағына, бәрін де бізге арнады [5, 44 б.].

Ақын С. Желдербаева поэзиясының бір бөлігін рубай түрінде жазылған ой шумақтары құрайды. Ақынның «Жүректегі жауһарлар» кітабында 63 рубайы берілген. Рубай жанры туралы энциклопедиялық анықтама бойынша: «Рубай, рубаят, рубаи, төрттаған (араб. төрттік). Шығыс поэзиясында кең таралған лирикалық өлең түрі. Араб, парсы және түркі халықтарының ауыз әдебиетінде мол ұшырасады. Рубай төрт тармақтан тұрады, ұйқасы – а а б а немесе а б а б, кейде ұйқасқан әр жолдан кейін бір сөз қайталанып отырады. Рубай мазмұнға құрылып, аяқталған бір ойды білдіреді...» [9, 491 б.].

Өмір кешсең күн сайын күдікпенен,
Жан дүниең жайғасар бүлікпенен.
Айықпайтын ауру сол – жан азабы,
Тапа тал түс кезінде кіріп келген...[4, 125 б.].

Жанр шағын болғанымен, қайталауды қажет етпейтін, өз алдына дербес, оқшау шумақты лирикалық өлең формасы. Бұл шумақ – жалғасын керек етпейтін дара рубай. Рубайдың ерекшелігі де осы. Ол дара шумақты бола тұра күрделі. Тиянақты ойды білдіріп, үлкен мағына береді. Кейде рубай жанры екі бәйіттен жырланатын өлең формасына ұқсайды. Ал, бәйіт дегеніміз, зерттеу еңбектерінен

Р.Ж. Есбалаева. С. Желдербаева поэзиясындағы ұлттық дәстүр жалғастығы.

аңғарғанымыздай – араб, парсы және түркі тектес халықтар поэзиясындағы екі жолды, егіз ұйқасты өлең. Бәйітте өлең екі жолдан ғана болып, айтылатын ой тұжырымдалған, тиянақталған болып келеді. Ақын С. Желдербаеваның жыр жинағына топтастырылған ой шумақтары да бәйіт түрінде келген рубайі іспеттес:

Бұл дүниеге сыйсаң да, сыймасаң да,
Күн еңкейе береді қимасаң да.
Намаздыгер-намазшам, апақ-сапақ,
Көмектесер көрпеңді жинасарға [5, 115 б.].

Кенес заманында «төрттаған» деп аталған жанр көне түрік әдебиетінде-ақ «төрттаған» жырлар деген атауға ие болған. Ендеше, Сәнімкүл Желдербаева поэзиясында «төрттаған» жанрының кездесуі кездейсоқтық емес.

Қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан поэзия жанры тарихтың әрбір қоғамдық дәуірлерінен өтіп, заманына қарай өзгерістерге ұшырады. Солай десек те қазақ халқының өмірінде өшпес із қалдырған тарихи оқиғаларды, халқымыздың тіршілігі мен мәдениетін, дүниетанымын танытатын, ана тіліміздің мол мүмкіншілігін, тілдің тарихи даму барысын көрсете білетін ақын-жыраулар поэзиясының тілі айрықша. Қазақ көркем сөз дәстүрін жалғастырып, әдеби тілге жаңа образдар мен жеке сөздерді әкелген Махамбет ақынның тіл өрнегі, ұлттық рухы ақын С. Желдербаева поэзиясында жалғасын табады, ақын рухымен тілдеседі:

Уа, баба!
Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам дедіңіз.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам дедіңіз.
Елдікті іздеп, еңіреп
Халықтың қамын жедіңіз.
Жадымызда жаңғырды,
Халық үшін қан жұтып,
Шаһид болған кезіңіз...
Бұл дүние парықсыз,
Аруағым, сезіңіз... [5, 77 б.], –

деп, өткенді еске ала отырып, бүгіннің жайын баяндайды. Өлеңнен Махамбеттің өр рухы бүгінгі жастың бойында жалғасын тапса деген арманын көресіз.

Қазақтың табиғи болмысын мысал еткен ақын С. Желдербаева поэзиясы ұлттық мазмұнға ғана бай емес, түр, пішін жағынан да ізденісі, жаңашылдығы көп. Ақын өлеңдері композициялық-құрылымдық жағынан алуан түрлі. Өлеңдерінде жеті, сегіз, он бір, он төрт буынды өлеңдер кездеседі. Ал көркемдік қуатына тоқталар болсақ, ақын өлеңдерінде поэзияға өзгеше ырғақ, әуезділік беретін **қайталауларды** шебер қолданады. «Біз, біз едік...» өлеңінде ақын С. Желдербаева Махамбет ақынның мақамымен қазақтың қыз, жігіттерінің қайсар мінезі мен ерлік қасиетін жырға қосады. Өлең шумағында айшықтаудың бірнеше түрлерін (еспе қайталау, кезекті қайталау, аллитерация, ассонанс т.б.) қолдану арқылы өлеңге көрік береді:

Біз, біз едік, біз едік...

Бұралған жігіт, қыз едік.

Бойымыздан бұрындау

Ойымызды түзедік.

Ойымызды түзетіп,

Бойымызды түзедік.

Өлеңтанудың негізгі зерттеу объектілерінің бірі – өлшем мен ырғақ жүйесі. Өлеңнің өлшем, ырғақ сияқты бірліктері оның мазмұнына, идеясы мен мәніне әсер етіп отырады. Өлшем өлең тармақтарындағы буын саны негізінде пайда болса, оқу барысында олардың ырғағын анықтауға болады. Өлшемсіз ырғақ, ырғақсыз өлшем болмайды. Осыған орай белгілі ғалым С. Негимов: «Осы поэзиялық тәсілге қысқаша анықтама бере кетсек, онда қазақ өлеңіндегі ырғақ дегеніміз буынға негізделіп, бунаққа жіктеліп, бір тармақ құрап, әрі қарай жүйелі қайталанып, үйлесімділік тудыратын түр» [10, 86 б.], – дейді. Қазақ поэзиясында ырғақты үш салаға бөліп қарастыратыны сияқты ақын С. Желдербаева поэзиясының көркемдік-құрылымын да осы тұрғыдан қарастыруға болады:

Біріншісі – жүйелікке, үндестікке, дыбыс әуезділігіне құрылатын дәстүрлі өлең үлгілеріндегі әуендік ырғақ. Мұнда ырғақтық бөлшектердің қабысуы, бір-біріне пара-пар келушілігі бар.

Ерте үзілген ерліктердің кешегі,
Жалғасымыз, алқызыл гүл шешегі.
Бейбітшілік ашық аспан астында
Қырдың қызыл қызғалдағы өседі

Қызғалдақпыз қырдағы,
Ақындардың жырлары.
Халқымыздың мәпелеп,
Өсіретін гүл-бағы.
Жайна, жайна, Нұргүлім!
Сайра, сайра, бұлбұл үн!
Шалқы, шалқы, жастық шақ!
Биле, биле, сен бүгін... [6, 57 б.]

Екіншісі – жазба әдебиет өкілдерінің, атап айтқанда, Абайдың “Сегіз аяғындағы” келте тармақтарға құрылған ырғақтар. Атап айтқанда, бір фраза, бір сөз тіркесі келте ырғақтың ең шағын бірлігі болып есептеледі.

Бұрынғы қыз-
Бұрымды қыз,
Отбасына
жұғымды қыз.
Салт-дәстүрге
Ұғымды қыз.
Өз басын да,
Жігіт басын
Сыйлай білер
Туымды қыз.
Бүгінгі қыз-
Білімді қыз,
Жұлған тауықтай
Бүлінді қыз.
Еліктегіш, солықтырғыш
Бір жұтарға
Сіңімді қыз-дейді [5, 112 б.]

Үшіншісі – жазба әдебиет өкілдері поэзиясындағы алуан үнді айнымалы ырғақтар.

О, жастық!
Шекер ме едің, шырын ба едің?!
Көңілімде көп нәрсе жүр бүгін менің.
Мамырдың майда қоңыр самалындай,
Дірілдеп кірпігімде ілінгенсің...

Шырын ба едің, бал ма едің, жастығым-ау?!
Қырау жауып кетсе де шашты мынау,
Ғұмырыма қызуың жетіп жатыр,
Сірә, осы өзіңмен жастымын-ау... [5, 89 б.].

С. Желдербаева өлеңдерінде өзіне дейінгі поэзияда орын алған көркемдік дәстүрлерді де жаңашылдықпен пайдаланған. Соның бірі – жыраулық толғаулардағыдай нақылдар мен афоризмдердің жиі кездесуі. С. Желдербаева афоризмдерінің көбі халық жадында сақталып, жатқа айтылады.

Жақсы ойларға қашаннан ғашық адам
Қолды созып күнге де асыла алар! [5, 157 б.], –

деген сияқты қанатты сөздері де ұлттық ар-намысты жона түсетін дүниелер. Ақын шығармашылығы қазақ поэзиясында ұлт рухын қалыптастыруға қызмет етті. Демек, С. Желдербаева қазақ поэзиясын ұлттық мазмұнмен байытқан, ұлттық көркемдік нақыштармен әрлендірген ақынымыз деп даралап айта аламыз.

Қазақ халқы ғасырлар бойы аз сөзбен көп ойды жеткізетін нақты, көркем сөз оралымдарын жиі пайдаланғанын білеміз. Халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, күнделікті өміріне байланысты туындаған коннотациялық сипаттағы фразеологиялық бірліктер халықтың ассоциативті-образды ойлауы нәтижесінде пайда болып, ұлттық-мәдени ақпарат мазмұнын танытатын нышандар болып есептеледі. С. Желдербаева өлеңдерінде мәнерлегіш-көркемдік бояуы басым фразеологиялық сөз орамдары фразеологиялық коннотация көптеп кездеседі. *Коннотация* – (лат. тіл. «connotation») - *қосымша мағына* деген ұғымды білдіреді [11, 163 б.]. Коннотация құбылысына арналған еңбектерді шолу барысында ғалымдар тарапынан коннотацияның құрылымдық бөліктері әр түрліше танылып, коннотация ұғымы кең мағынада және тар мағынада қарастырылатындығы байқалады. Мәселен, ақын С. Желдербаеваның жыр жолдарында коннотация

ұғымының екі түрі де кездеседі: *ақ босаға, іргесі сөгілмеді, қонағының еншісі бөлінбеген, өміріңе болайыншы садаға, маңдай терді сытырып жерге төккен, ат дорбаны мойынға іліп алып, сүмбіледе көрсем деп күміс шықты, жер бесігім, жел бесігім, тал бесік, жүз жылдық күйеу, мың жылдық құда, тұяқсыз қалу, қан сімірген қара жер, кең қолтық, сүт пісірім уақыт сүріндіріп, бармақ тістеп бас шайқадық* және т.б. сөз тіркестері ақын көзқарасы мен айтар ойын ерекше әсерлі етіп, белгілі бір бейне сомдау мақсатында ұтымды пайдаланылған.

С. Желдербаева негізгі тақырыбына орай салт-дәстүрге сай атауларды кеңінен қолдана отыра, өз тындармандарына жақын, түсінікті болу үшін халықтың тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесін, ұлттың психологиялық, философиялық ойын танытатын этномәдени бірліктерді көркемдік қажетіне қарай ұтымды пайдалана білген. Бұл *метафора, теңеу, эпитет, метонимия, синекдоха, ұлғайту (гипербола)* сияқты көріктеу құралдары мен амалдары негізінде көрініс тауып, автордың ойын дәл, сомдамақ бейнесін көркем, айшықты болуын қамтамасыз етеді. Осыған орай ақын өлеңдеріндегі көркемдік тәсілдерді қолдану жағына талдау жасап көрелік:

1. Автордың дүниетанымын, эстетикасын, белгілі бір затқа немесе құбылысқа деген субъективті көзқарасын, идиостилін танытатын көркем дүниелер ретінде эпитеттер кеңінен қолданыс табады: *ақ босаға, ақ жасулықты аяулы ана, ақ шымылдық, ақ отау, аппақ арман, ақ неке, ақ бесік, ақ боз үйім, киіз үй, асау арна, қара қазақ баласы, қара алтын, қара халық*, т.б. Бұлар мәтін ішінде көркемдік қызмет атқара келе, әсем де әсерлі бейне сомдау үшін қолданылған.

2. С. Желдербаева тіліндегі келесі өнімді бейнелеу тәсілдерінің бірі – *теңеу*. Ақын шығармаларында кеңінен орын алған теңеулердің бір түрі - бұл халық ауыз әдебиетінде, жыраулар туындыларында жиі қолданылып, тұрақтанған дәстүрлі поэтикалық теңеулер. Олар ақын поэзиясының ұлттық нақышын, көркемдік қуатын арттыра түскен. Мысалы: *«түйелерін шөгеріп тастағандай», «келеміз біз ынтығып гашықтардай», «Таспадай тауды тілген иір жолмен», «Көркем сөздің күш қуатын құдіреттей бағалайтын», «гашықтардай бір-бірін күзетеді», «даладай ақ киізді жамылады», т.б. Бұл – теңеулер көнелігінің, көркемдік дәстүр жалғастығының, Махамбет поэзиясының әсері негізінде туындағандығының көрсеткіші.*

3. С. Желдербаева поэзиясында сомдалған көркем бейнелердің көбі метафора тәсілі негізінде туындаған. Ақын белгілі бір құбылысты,

аң-құс, қару-жарақ атауын суреттеліп отырған объектіге балап, жағымды немесе жағымсыз мағына танытып, айтпақ ойын бейнелі түрде жеткізіп, өз тыңдармандарына түсінікті, жақын болу мақсатын көздеген.

Дәстүр сілеміне ізетпен қарай отырып, ақынымыз қатпары мол жандүниесіндегі сезім ахуалын табиғаттағы құбылыс арқылы бейнелеуде өзіндік өрнек қалыптастырған. Ақын табиғат суретіне көз сала отырып, оның әрбір сәтінен сыр түйеді және лирикалық кейіпкердің көңіл күйін сол өзгерістермен қабыстырады, сол арқылы психолирикалық мазмұнын тереңдете түскен.

Күз келді өлкеме , күз келді,
Көктемін де көп көңіл іздер енді.
Күз-береке, молшылық адамзаттың
Арман етіп мәңгілік іздегені [5, 78 б.]

Көшпенді тірлік кешіп, даланы еркін жайлаған қазақ поэзиясында таудың ерекше орын алатынын білеміз. С. Желдербаева поэзиясынан да тау бейнесін жиі ұшыратамыз. Лирикалық сазға толы «Таулар, таулар, шалқайып жатқандары...» деп басталатын өлеңінде аңсар жанның күллі болмысы таумен егізделе, тауға ұқсатыла жырланған. Тау – барлық жақсылық атаулының бастау алар жері. Адамзат баласының рухани кеңістігі – аспан әлемі болса, тау – сол аспанмен байланыстырар нысан. Бұл мифтік танымның тым көне замандарда қалыптасқаны белгілі. Көркемдік жадымызда тұрақты орын алған таумен рухани асқақтықты салыстыру ақын өлеңінде жаңаша түрленеді. Тау ақын танымында адами болмыспен кескінделеді:

Таулар, таулар! Жердегі биік анық!
Тамашалап жүреміз жиі барып.
Жер беті қоспасының қосындысы,
Тау болып түзеліпті иі қанық.
Содан ба екен, бабалар тілегінде:
– Таудай бол! Таудай талап... жүреді де.
Тауға қарап ойланып келемін мен,
Тау мен далам егізім – жүрегімде [5, 138 б.].

Ақынның тауды нысанға ала отырып, рухани болмысты жырлауы, тау мен тау баласының арасындағы тылсым байланысты

лирикалық қалыпта жырға қосуы поэзиядағы мифтік танымның көркемдік қызметінің бір қыры. Бұл – мифопоэтикалық бейнелеу тәсілі.

Секілденіп тау-жігіт, қыз-ертегі,
Ғашықтардай бір-бірін күзетеді.
Көз жасындай домаланып ақ бұлақтар,
Жұмбақ сырын біздермен үлеседі [5, 179 б.]

Тау-жігіт пен қыз-ертегі метафоралары табиғаттың суреттелуіндегі негізгі кілт (код) болып тұр. Табиғатқа көшірілген адами болмыс сипаты өлеңнің мифологиялық бастауымен және көркемдік мән-мағынасымен тұтастырылған. Ж.Айтмұхамбетованың «мифтің поэтикадағы қызметі» (қазіргі қазақ поэзиясы арқауында) атты еңбегінде «Адам табиғаттағы кез келген тіршілік иесіне немесе өсімдікке, ағашқа, т.б. нысандарға айнала алады деген түсініктің түп негізі адам-табиғат бірлігіне байланысты екені белгілі. Осындай мифтік сана жемісі поэтикалық ойлау жүйесінен де маңызды орын алып, белгілі мақсатта көркемдік қызмет атқарып келе жатқанына мысалдар көп. Жоғарыда өзіміз айтып өткендей, кей өлеңдерде мифтік құбылушылық оқиғасы сол қалпымен алынып жырланса, кей туындыларда бұл ұғымның елесі ғана көрініп, басқадай көркемдік мақсаттар, бейнелі ойлар тұспалданады» – дейді. Осы көрініс ақын С. Желдербаева поэзиясында да орын алған.

Таудың да орап тұрар тұман басын,
Ұға алмайтын ұсақтар ұға алмасын.
Шыға алмайтын босбелбеу шыға алмасын,
Сен шыққан биіктікті жыға алмасын.
Айналайын, ақжарма, інілерім,
Биіктіктің мекендер қыран басын.
Қыран болсаң, қанатың,
Тұлпар болсаң, тұяғың мұқалмасын! [5, 180 б.], –

деген жолдарда ақын кейіптеуді берумен қатар ақын жүрегіндегі үнді табиғатпен үндестіре психологиялық параллелизмді шебер қолдана алған. Әр тармақтағы ой бір ойдан екінші ойды дамыта, қуаттандыра қолданған.

Ойымызды қорытар болсақ, Ақын С. Желдербаева – ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының жан-жақты өсіп, өркендеуіне, кемелденуіне, болашақ ұрпақтың ұлттық рухын

қалыптастыруда зор еңбек сіңірген ақын. Қазақ поэзиясының дамуына көп еңбек сіңіріп, зор көркемдік үлес қосқан С. Желдербаеваның шығармашылығы әдебиетші мен оқырман тарапынан жоғары бағаланып, ыстық ықыласқа бөленіп келеді. Қазақ халқының өмірін көркем бейнелеген ақынның поэзиясы қай кезде де мәнді, өміршен. Ақын поэзиясының идеялық мазмұны мен көркемдік құндылығы жайында арнайы зерттеу жасалынбағандықтан, ақын шығармашылығы жайында әлі де айтылар ой мен толғамды дүниелердің жазылары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Желдербаева С. // Сыр елі. Қызылорда облысы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ф.Аяған.— Алматы: 2005. — 233 б.
2. Желдербаева С. Сырдария: Өлеңдер. —Алматы: Жазушы, 1971. — 31 б.
3. Желдербаева С. Ақ босаға: Өлеңдер / Пікір жазғандар Б. Кәрібозұлы, Ә. Жақыпұлы. —Алматы: 2005. —168 б.
4. Желдербаева С. Уақыт; Қайда кеттің тектілік?!; Өмір мазак...; Жаңа қауым; Жастық; Мен даланың кызымын; Болашақ сенікі; Ата жұрт; Сарқылмайтын сағыныш; Тіл тағдыр; Шежіре ғұмыр (Манап Көкеновке): Өлеңдер // Жүректегі жауһарлар. Сыр елі ақын-жазушылары шығармаларының жинағы. /Құраст. К.Сағымбайұлы. — Қызылорда: Алтын Орда, 2001.
5. Желдербаева С. Шығармалары: Өлеңдер, әңгімелер мен ертеңгілік сценарийлер. / С. Желдербаева, Р. Наурызбаева. —Астана: Фолиант, 2009. —376 б.
6. Желдербаева С. Мәңгілік алау; Менің әкем; Ауылымның қос шынары; Күрішшінің кызымын; Сыр маржаны; Бастағы ауыз: Өлеңдер // Қасиетті Қармақшы. Қармақшы өңірінің ақын-жазушылары шығармаларының жинағы / Жауапты құраст. Алтай Үсенұлы. — Алматы: Үш қиян, 2003.
7. Шәрібекұлы Қ. Ұстаз ұлағатымен ұлық //Сыр бойы. 16 наурыз 2002 ж.
8. Қалқабаева С. Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ұлттық нақыштар. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019 ж. №3, 188-бет.
9. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7-том. Алматы, 2005. — 728 б.
10. Негимов С. Өлең өрімі. — Алматы: Ғылым, 1980. — 136 б.
11. Сандыбаева А.Т. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы. // Қазақ білім академиясының баяндамалары. Астана. 2015. №2, 163-б.

REFERENCES

1. Jelderbaeva S. // Syr eli. Qyzylorda oblysy: Entsiklopediya / Bas red. B.Ǵ.Aıaǵan.— Алматы: 2005. — 233 b.
2. Jelderbaeva S. Syrdariya: Óleńder. —Алматы: Jazýshy, 1971. — 31 b.
3. Jelderbaeva S. Aq bosaqǵa: Óleńder / Pikir jazǵandar B. Káribozuly, Á. Jaqypuly. — Алматы: 2005. —168 b.
4. Jelderbaeva S. Ýaqyt; Qaida kettiń tektilik?!; Ómir mazaq...; Jańa qaýym; Jastyq; Men dalanyń qyzymyn; Bolashaq seniki; Ata jurt; Sarqylmaityn saǵynysh; Til taǵdyr; Shejire gúmyr (Manap Kókenovke): Óleńder // Júrektegi jaýharlar. Syr eli aqyn-jazýshylary shyǵarmalarynyń jinaǵy./Qur. K.Saǵymbauuly. —Qyzylorda: Altyn Orda, 2001.

Р.Ж. Есбалаева. С. Желдербаева поэзиясындағы ұлттық дәстүр жалғастығы.

5. Jelderbaeva S. Shyǵarmalary: Óleńder, ángimeler men erteńgilik stsenarıler. / S. Jelderbaeva, R. Naýryzbaeva. –Astana: Foliant, 2009. –376 b.
6. Jelderbaeva S. Máńgilik alay; Meniń ákem; Aýylymnyń qos shynary;
7. Kúrishshiniń qyzymyn; Syr marjany; Bastaǵy aýyz: Óleńder // Qasietti Qarmaqshy. Qarmaqshy ómiriniń aqyn-jazýshylary shyǵarmalarynyń jinaǵy / Jaýpty qurast. Altai Úsenuly. – Almaty: Úsh qıan, 2003.
8. Sháribekuly Q. Ustaz ulaǵatymen ulyq //Syr boıy. 16 naýryz 2002 j.
9. Qalqabaeva S. Qadyr Myrza Áli poeziyasındaǵy ulttyq naqyshtar. // Qazaqstannyń ǵylymy men ómiri. 2019 j. №3, 188-bet.
10. Qazaqstan. Ulttyq entsiklopedıa. 7-tom. Almaty, 2005. – 728 b.
11. Negimov S. Óleń órimi. – Almaty: Ǵylym, 1980. – 136 b.
12. Sandybaeva A.T. Sózdiń leksikalyq maǵynasynyń qurylymy. // Qazaq bilim akademıiasynyń baıandamalary. Astana. 2015. №2, 163-b.

Özet

S. Zhelderbayeva Kazak šiirinde milli ruhu oluřturmak iwin çalıřan bir řairdir. "Edebiyatın milli olması gerektiǵini" dűşünen řairin her šiiri Kazak halkının ruhunu ve özińni yansıtır. S. Zhelderbayeva ulusun tarihini, davranıřını ve dűşüncesini tanımlar. Onun šiirlerinin derin bir ideolojik anlamı vardır. Bütün yeteneǵini ve tutkusunu ulusunu tanıtmaya adamıřtır. O sadece hayatını ve duyularını ifade etmek iwin deǵil, aynı zamanda bir bütün olarak ulus adına konuřmak iwin yetiřtirildi. Makale Kazak halkının geleneklerini yansıtmaqdadır: «Kiiz úıge qarashy», «Aq bosaǵa», «Aq shymyldyq», «Qyz uzatý», «Kelinderim», «Qudalar», «Dastarhan», «Jailaýda», «Sabantı» ve diǵerleri. Milli ruhun tematik, ideolojik, šiirsel, kompozitsiyonel analizleri yapılr ve bu šiirlerde karakterize edilir. řairin šiiri daha önce yerel ve bölgesel yayınlarda yayımlanmamıř, özel olarak incelenmemiř ve yaratıcı bir řekilde analiz edilmemiřtir.

Anahtar kelimeler: ulusal šiir, gelenekler, šiirsel enerji, sanatsal yaklařımlar, ulusal fikir.

(Yesbalayeva R. J. S. Zhelderbayeva'nın řiirinde Milli Geleneklerin Devamı)

Аннотация

С. Желдербаева – поэт, работавший над формированием духа нации в казахской поэзии. Каждое стихотворение поэта, который понимал, что «литература должна быть национальной», отражает душу и сущность казахского народа. С. Желдербаева описывает историю, поведение и видение нации. Это имеет глубокий идеологический смысл. Он посвятил весь свой талант и амбиции, чтобы показать свою нацию. Он был воспитан не только для того, чтобы петь свою жизнь и чувства, но и выступать от имени нации в целом. В статье пропагандируются традиции казахского народа: «Взгляни на юрту», «Взгляни на белый порог», «Белый занавес», «Кыз узату», «Келиндерим», «Кудалар», «Дастархан», «Жайлауда», «Сабантуй» и другие. Проведены тематический, идеологический, поэтический, композиционный анализ национального духа и характера таких стихов. Мы постарались сосредоточиться на стихотворениях поэта в статье, поскольку поэзия поэта не была опубликована в местных и региональных изданиях, а также не была специально изучена и творчески проанализирована.

Ключевые слова: национальная поэзия, традиции, поэтическая энергия, художественные подходы, национальная идея.

(Есбалаева Р. Ж. Продолжение национальных традиций в поэзии С. Желдербаева)